



Автор: Арыстанова Даурия Жумекеновна
Пән: Физика
Сынып: 8-сынып
Бөлім: Тұрақты электр тогы
Тақырып: Электр тогы, электр тогы көздері.

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	8.4.2.1.электр тогы ұғымын және тогының пайда болу шарттарын түсіндіру.		
Сабақтың мақсаты:	1.Барлық оқушылар: Электр тогы ұғымын біледі. 2.Басым көпшілігі: Электр тогының қандай әрекетте болатынын біледі және ажырата алады. 3.Кейбір оқушылар: Электр қозғаушы күш шамасының физикалық шамасын біледі және тәжірибе жасай алады.		
Тілдік мақсаттар:	Қазақша Заряд Ток көзі Электр тогы Батарея	Орысша Заряд Источник тока Электрический ток Батарея	Ағылшыша charge current source electric current battery
Бағалау критерийлері:	1.Электр тогы анықтамасын және пайда болу шарттарын біледі. 2.Электр тогының әсерлерін түсінеді. 3.Электр қозғаушы күштің формуласын жазып және есептеуде қолдана біледі		
Құндылықтарды дарыту:	1.Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсу. Экономиялық тапсырманы орындау арқылы инновациялық құндылыққа бағыттау.		
Пәнаралық байланыс:	Химия, математика		
Бастапқы білім:	Денелердің электрленуіне мысалдар келтіреді және Кулон заңын тұжырымдап формуласын есептер шығаруда қолданады.		

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	I.Ұйымдастыру:(сәлемдесу, сынып ішіндегі тазалығын қадағалау, сынып оқушыларын түгелдеу,) II. Ынтымақтастық орнату «Шаттық шеңбер» құрып психологиялық ахуал орнату (көзіңді жұмып жақсы нәрселер ойлаңыз) III. Топқа бөлу .Әр түрлі түске жазылған физикалық белгілерді оқушыларға таратамын, осы белгілер арқылы оқушылар үш топқа топтасады (q – заряд,φ – потенциал , E – кернеулік) 1-топ.Заряд 2-топ..Потенциал 3-топ.Кернеулік «Миға шабуыл» Үй тапсырмасы 1.Электр зарядының сақталу заңын тұжырымдаңдар және осы заңды анықтайтын формуланы жаз. 2.Электр өрісінің шын мәнінде болуын дәлелдейтін мысалдар кетір. 3. Кернеулік пен потенциалдар айырымының арасында қандай байланыс бар. Мадақтау (Өте жақсы, жақсы,керемет)	Түрлі түсті үлестірме қағаз q – заряд φ – потенциал E - кернеулік

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	Тақырыпты ашу. Суреттерді сөйлету (тақтада көрсетілген суреттердің атауларын айту) «Екеуі қонақта ,біреуі үйде» әдісі арқылы тақырыпты түсіну Түсіну. Топқа тапсырма беру. Оқулықпен жұмыс 1-топ « Электр тогының пайда болуы» 2-топ «Электр тогының әсері» 3-топ « Бөгде күштер» Дескриптор 1.Электр тогының анықтамасын біледі. 2.Электр тогының әсерлерін ажырата алады 3. Электр қозғаушы күштің формуласын меңгерген. Есептер шығару. 1.Ток көзі ішінде10 Кл заряды бір полюсінен екінші полюсіне тасымалдау үшін бөгде күштер 30 Дж жұмыс атқарды. 2.Ток көзінің ЭҚК-і 250Дж-ға тең заряды 20нКл зарядты бөлгенде бөгде күштердің жасаған жұмысы неге тең. 3.Нүктелер арасындары потенциалдар айырмасы 100 В, 400 дж энергия жұмсағанда осы нүктелер арасында орын ауыстыратын заряд неге тең. Дескриптор 1.Есептің шартын дұрыс жаза біледі. 2.ХБЖ-келтіре алады. 3.Формуласын жазып және есептеуде қолдана біледі. Бағалау: «От шашу»	Плакат,маркер, стикер, түрлі түсті қағаздар. Постер қорғау 5e344949a23fb.png Image not found or type unknown 5e344959e0f4a.png Image not found or type unknown 5e34496c65cfa.png Image not found or type unknown 5e34497bd6613.png Image not found or type unknown 5e34498d1b055.png Image not found or type unknown Бас бармақ арқылы бағалау. 5e3449b9d4970.png Image not found or type unknown 5e3449db15c40.png Image not found or type unknown
Сабақтың соңы	Сабақты қорытындылау. «Сөз тізбегі» 5e344a83b0ce1.png Image not found or type unknown Ток күшінің өлшем бірлігі? 1. Өткізгіштің көлденең қимасы арқылы қандай да бір уақыт аралығында тасымалданатын электр мөлшерінің сол уақыт аралығына қатынасын ... де атайды? 2. Амперметрді тізбекке қалай жалғаймыз? 3. Тізбектің берілген бөлігінде заряд орын ауыстырғанда, электр өрісінің атқарған жұмысының осы зарядқа қатынасы 4. Ерітінділерге болатын тоқтың әрекеті? 5. Өткізгіш бойымен ток өтсе ол қызады. Осы әрекет қалай аталады? 6. Тұрақты ток көзін тапқан ғалым 7. Атом құрылысы 8. Тоқ көзі 9. Кедергіге вольтметр қалай жалғанады? (Кері байланыс) «Таңдау» әдісі. 1. Маған сабақ қызықты _____ қызықсыз болды деп ойлаймын. 2. Мен сабақта: үйрендім көп нәрсені _____ үйренгенім аз болды. 3. Мен басқаларды мұқият _____ зейінсіз тыңдадым. 4. Мен пікірсайыстарға жиі _____ сирек қатыстым 5. Мен сабақтағы өз жетістіктеріме ризамын _____ риза емеспін.	
Рефлексия	Бұл тарауды сабақ туралы рефлексия жасау үшін пайдаланыңыз Сол бағандағы өзіңіз маңызды деп санайтын сұрақтарға жауап беріңіз	